



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№15/197
11 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҒАЛЫМДАРДЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Қадірлі қауым!

Құрметті ғалымдар!

Ең алдымен, Ғылым қызметкерлері күні баршаңызға құтты болсын деймін. Осы белгілі мереке қарсаңында Ақордаға жиналып, бас қосу жақсы дәстүрге айналды. Бұл – еліміздің ғалымдар қауымына деген ерекше құрметі және айрықша ықыласының көрінісі. Себебі кез келген дамыған, яғни, озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым.

Әр елдің ғылыми әлеуеті – оның абырой-беделі мен күш-қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғалымын қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркениеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғалымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Қазір осы залда түрлі салада зор табысқа жеткен зерделі зерттеушілеріміз отыр. Сіздер ұлт сапасын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мол үлес қосып келесіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Хакім Абай айтып өткендей, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Бұл – ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын тағылым. Біз бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытып, жаңа технологияны, жасанды интеллектті меңгеруіміз керек.

Өздеріңізге мәлім, мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Ғылымға бет бұру – өсіп-өркендеуге ұмтылған әрбір елдің тарихи міндеті. Біз мұны жақсы түсінеміз. Мемлекет ғылым саласына үнемі қолдау көрсетуде. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлі-

нетін қаржы көлемі 6 еседен асты. Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны көбеюде. Ғылыми жобаларға инвестиция салатын бизнес өкілдеріне салық жеңілдігі берілетін болды.

Алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз жас ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келешекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалымға баспана берілді. Бұдан бөлек, оларға арнаулы гранттар бөлінуде. Жыл сайын жас зерттеушілер әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына барып, тәжірибе жинап, тағылым алып жүр. Осындай нақты шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету, бұл – ең алдымен қоғамда еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, өскелең ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз. Оған мемлекет те, ата-аналар да бірдей жауапты.

Мен былтыр «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесін құру туралы тиісті Заңға қол қойдым. Бұл жүйе арқылы ата-аналар баласының болашақта сапалы білім алуына қаражат жинай алады. Қазірдің өзінде 200

мыңға жуық азамат арнайы есепшот ашты. Мұны болашаққа салынған ең ұтымды инвестиция деуге болады.

Тағы бір мәселе. Ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажет. Ғалымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет. Бір сөзбен, ғылым экономика мен қоғамның сұранысына сай болуға тиіс. Бұл мақсат Үкіметтің ұдайы назарында болуы керек, себебі осы міндеттің еліміз үшін мән-мағынасы ерекше. Сонымен қатар, бұл – әлемдегі ең үздік компаниялардың берік ұстанымы, бұлжымас қағидасы. Жаһандық деңгейдегі ірі технологиялық корпорациялар бірінші кезекте білім мен ғылымға басымдық береді, ғылыми жаңалықтарды өндіріске жедел енгізеді. Таланттарды қызметке тарту жағынан да бұл компаниялар көш бастап тұр. Адам капиталы олардың негізгі күш-қуаты саналады. Технология мен инновация – дамудың ең басты әрі баламасыз шарты. Мұны ХХІ ғасырдың үздік компаниялары дәлелдеп отыр.

Біздің еліміз үшін де қолданбалы ғылымды дамыту – аса маңызды міндет. Осы бағыттағы жобалардың саны көбейді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Әсіресе, университеттердің технологиялық даму орталығы ретінде қалыптасып жатқанын атап өту қажет. Мысалы, былтыр University Medical Center мекемесіне қарасты Жүрек орталығының дәрігерлері ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) деп аталатын инновациялық медициналық құрылғы ойлап тапты. Мұны өткен жылдың ең айтулы ғылыми жаңалығы деп айтуға болады. Осы құрылғы донорлық ағзалардың өміршеңдігін 24 сағаттан

астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай бірегей жаңалықтар қазақ ғылымының әлеуеті, жалпы еліміздің даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Дегенмен ғылым саласында шешілмеген түйткілдер де аз емес. Мен наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болғанымды білесіздер. Сол жерде ғалымдармен арнайы кездесіп, біраз мәселеге тоқталдым. Әсіресе, ғылымды қаржыландыру жұмысын ретке келтіріп, қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айттым. Басты мақсат қаржыны игеру емес, қоғамға пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыру болуға тиіс.

Білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса назар аударған жөн. Бұл ретте негізгі жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктеледі. Ұлттың зияткерлік қуаты дәл осы білім ордаларында қалыптасады. Университеттер өз миссиясын адал атқарса, білікті мамандар мен кәсіби кадрлардың қатары арта түсері сөзсіз.

Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Курчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да – Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі.

Токетерін айтсақ, алда атқаратын шаруа көп. Ширақ қимылдап, тиянақты жұмыс істеуіміз керек. Ғылым саласындағы күрделі мәселелерді мемлекет пен ғылыми қауымдастық күш жұмылдырып, бірлесе шешеді деп ойлаймын.

akorda.kz

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ КЕҢЕЙТІЛІП, ИНТЕРНЕТТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ



Қарағанды облысында мобильді инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өңір билігі мен байланыс операторлары ірі қалалардан бастап туристік бағыттар мен шалғай ауылдарға дейін интернет пен байланыс сапасын жаңа деңгейге көтеру үшін ынтымақтастықты күшейтіп отыр.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Мобайл Телеком-Сервис» компаниясының (Tele2 және Altel) басшылығымен кездесіп, желіні одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Бүгінде өңірдегі елді мекендердің 60 пайыздан астамы оператор желісімен қамтылған. Ал Қарағанды қаласында 5G стандарты бойынша 93 базалық станция жұмыс істейді. Алайда, өңір басшысы атап өткендей, бұл бағыттағы жұмыстарды тоқтатуға болмайды.

— Қарқынды бәсеңдетпей, желіні одан әрі дамытуды жалғастыру маңызды. Байланыс пен интернет — инвестиция тартудың, шағын және орта бизнесті дамытудың, сондай-ақ барлық салада цифрлық шешімдерді енгізудің негізгі факторы. Біз өз тарапымыздан қолданыстағы заңнама аясында қажетті қолдау көрсетуге дайынбыз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде компания инвестиция көлемін айтарлықтай арттыруда. Биыл салынатын қаржы екі есеге өсіп, 2 млрд теңгеден асады.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС басқарма төрағасы Александр Бабичев негізгі басымдықтарды атап өтті.

— Қарағанды облысындағы телеком-инфрақұрылымды дамыту — біздің стратегиялық басымдығымыз. Өңірдің ауқымы тек жаңа базалық станциялар салуды ғана емес, сонымен қатар желіні кезең-кезеңімен жаңғыртуды талап етеді. Ең алдымен, 5G технологиясын белсенді түр-

де дамытуды жоспарлап отырмыз, оны біртіндеп Қарағандыдан тыс аумақтарға да енгіземіз. Биылдың өзінде бұл технология Қарқаралыда іске қосылады. Сондай-ақ өңірде 80-нен астам базалық станция пайдалануға беріліп, олардың басым бөлігі 5G болады, ал шамамен 70 станция жаңғыртылады, — деді Александр Бабичев.

Жоба тек облыс орталығымен шектелмейді. Қосымша базалық станциялар Саран қаласында, соның ішінде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағында да орнатылады.

Туристік бағыттарға — Балқаш пен Қарқаралыға ерекше көңіл бөлінуде. Онда инфрақұрылым толық салынғанға дейін уақытша шешім ретінде мобильді базалық станциялар пайдаланылмақ.

— Туристік бағыттардағы автожолдар бойында және демалыс аймақтарында 12 антенна-діңгек құрылысын салу жоспарланып отыр. Нысандардың жартысын операторлар өз қаражаты есебінен тұрғызса, қалған бөлігі жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Бұл — алғашқы қадам ғана, — деп нақтылады ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий.

Қазіргі таңда өңір тұрғындарының 95 пайызы 4G стандарты бойынша интернетпен қамтамасыз етілген. Дегенмен 73 шағын елді мекенде байланыс әлі жоқ. Бұл мәселені «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында шешіп, облысты толық қамту жоспарлануда.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат өңірдегі байланыс пен цифрлық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жоспарларын бекітті.

*Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ РАСШИРЯЮТ ИНФРАСТРУКТУРУ МОБИЛЬНОЙ СВЯЗИ И ПОВЫШАЮТ ДОСТУПНОСТЬ ИНТЕРНЕТА



КВ Карагандинской области расширяют мобильную инфраструктуру. Власти и операторы связи усиливают сотрудничество, чтобы вывести интернет и качество связи на новый уровень - от крупных городов до туристических направлений и отдалённых сёл.

Аким Карагандинской области Ермағанбет Булекпаев встретился с руководством компании «Мобайл Телеком-Сервис» (Tele2 и Altel), чтобы обсудить дальнейшее развитие сети.

Сегодня более 60% населённых пунктов региона уже охвачены сетью оператора, а в Караганде работают 93 базовые станции стандарта 5G. Однако, как отметил глава региона, останавливаться нельзя.

— Важно не снижать темпов и продолжить развитие сети, где связь и интернет являются ключевым фактором для привлечения инвестиций, развития малого и среднего бизнеса, а также внедрения цифровых решений во всех сферах. Мы со своей стороны готовы оказывать необходимое содействие в рамках действующего законодательства, — сказал Ермағанбет Булекпаев.

Компания, в свою очередь, значительно наращивает инвестиции. В этом году объём вложений увеличится вдвое и превысит 2 млрд тенге.

Председатель правления ТОО «Мобайл Телеком-Сервис» Александр Бабичев обозначил приоритеты.

— Мы рассматриваем развитие телеком-инфраструктуры в Карагандинской области как стратегический приоритет. Масштаб региона требует не только строительства новых базовых станций, но и последовательной модернизации сети. В первую очередь мы планируем активно развивать технологии 5G в регионе, постепенно выходя за пределы

Караганды. Уже в этом году их внедрение начнётся в Каркаралинске. Также в регионе будет введено в эксплуатацию более 80 базовых станций, при этом большая часть из них с 5G, и модернизировано порядка 70 станций, — отметил Александр Бабичев.

Расширение коснётся не только областного центра. Дополнительные базовые станции появятся в Сарани, включая территории крупных промышленных предприятий.

Особое внимание уделяется туристическим направлениям — Балхашу и Каркаралинску. До завершения строительства инфраструктуры там планируется использовать мобильные базовые станции как временное решение.

— Планируется строительство 12 антенно-мачтовых сооружений на трассах туристических направлений и в зонах отдыха. Половину объектов строят операторы за свой счёт, вторую часть — за счёт местного бюджета. Это только первый шаг, — уточнил руководитель управления информатизации, оказания госуслуг и архивов Константин Ильницкий.

На сегодняшний день интернетом стандарта 4G обеспечены 95% жителей региона. При этом в 73 малых населённых пунктах связь пока отсутствует. Эту проблему намерены решить в рамках национального проекта «Доступный интернет», обеспечив полное покрытие области.

По итогам встречи стороны подписали меморандум о сотрудничестве — документ закрепил планы по дальнейшему развитию связи и цифровой инфраструктуры региона.

*Пресс-центр
Акмата Карагандинской области*



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АКІМАТ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«АМАНАТ» партиясы Приозерск қалалық филиалында кадрлық өзгерістерге байланысты жиын өтті.

Жиын барысында Алтынай Төребекқызы аталған филиалдың төрағасы қызметіне тағайындалды.

Алтынай Төребекқызы 30 жылдан астам уақыт мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, жоғары кәсібилігімен, мол тәжірибесімен және жауапкершілігімен танылған білікті маман.

Жаңа қызметке тағайындалуымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жұмысына табыс, зор денсаулық және ел сенімін ақтайтын нәтижелі еңбек тілейміз.

Бұл тағайындау партия жұмысына жаңа серпін беріп, қаламыздың дамуына оң ықпал етеді деп сенеміз.

ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУ



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІНЕ ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АКІМАТ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне жаңа басшы тағайындалды.

Аталған лауазымға Тәтібеков Данияр Мейірханұлы тағайындалды.

Данияр Мейірханұлы еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап, мемлекеттік қызметте көпжылдық тәжірибе жинақтаған білікті маман. Жалпы еңбек өтілі 24 жылдан асады, оның ішінде 17 жылдан астамы мемлекеттік қызмет саласында.

Әр жылдары салық органдарында, мемлекеттік кірістер жүйесінде, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында түрлі жауапты қызметтер атқарған.

Соңғы қызметінде Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында бас маман болып еңбек етті.

Басшы ретінде тұрғын үй саласын дамыту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытында тиімді жұмыс жүргізетініне сенім білдіреміз.

Жаңа қызметіңіз құтты болсын! Еңбегіңізге табыс тілейміз!



ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР ТАЛПЫНЫСЫ



Биылғы Халықаралық «Айбын-2026» әскери - патриоттық жастар жиынына қатысуды мақсат тұтқан «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері дайындық жұмыстарын бастап кетті. Қыс айының аязды күндерінің қаһарына қарамастан, клуб тәрбиеленушілері өздері білім алып жүрген білім ошағының алғашқы әскери және технологиялық дайындық сыныбының бөлмесі мен 06708 әскери бөлімінің сарбаздар үй-жайында күн сайын дайындық жасап жүр. Клуб жетекшісі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Тілек Кенжебеков көз алдындағы шәкірттеріне үйретуден жалықпай келеді. Аптаның алғашқы екі күнінде автомат Калашников атыс қаруын жар-

тылай бұзу мен жинауды іс жүзінде көрсетсе, қалған күндерді ұл балаларды белтемірге тартылу мен қыздарды денені арқамен жатып көтеру жаттығуларын жетілдіруге бөліп тастаған.

Республикалық деңгейден бүгінгі күнде Халықаралық дәрежеге дейін көтерілген «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшілері 2018 жылдан бері үзбей қатысып келеді.

Алда жаңа жетістіктерге жетуді алға қойған «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілеріне сәттілік тілейміз! Асар асулары биік болсын!

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданки Дудкиной Симы Константиновны, умершей 19 ноября 2025 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым Утегенов Еркебай Пердебаевич имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Омар Сайлауовичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 3. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 708 142 6899; e-mail: omar.karabek@mail.ru



В ГОРОДСКОЙ БИБЛИОТЕКЕ ПРОШЛА НЕДЕЛЯ ДЕТСКОЙ КНИГИ



В период со 2 по 8 апреля в Приозерской городской библиотеке прошла Неделя детской книги «Кітап – білім көзі», в рамках которой организовано проведение ряда мероприятий, направленных на популяризацию детского чтения.

Торжественное открытие Недели началось с литературного вечера под названием «Ақындар әлеміне саяхат», в котором приняли участие читатели 8-х классов. Подружки вспоминали произведения казахстанских писателей и поэтов.

Второй день Недели продолжился проведением челленджа среди постоянных посетителей детской библиотеки. Читатели коротко рассказали о любимой книге в видеороформате и посоветовали её к

прочтению своим ровесникам.

Также в течение Недели проведен вечер выразительного чтения «Жүректен туған жырлар» поэтических строк известных казахстанских авторов; в отдельный день была организована работа кружка «Умелые ручки».

Закрытие Недели детской книги ознаменовано литературным брейн-рингом «Кітап – ең жақсы дос», на котором читатели 6-х классов ответили на многочисленные вопросы различных литературных викторин. Активность участников была поощрена дипломами.

Струментова Н.М.,
библиотекарь детской библиотеки

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ — ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

Отанды қорғау — әрбір азаматтың конституциялық міндеті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы талаптарына сәйкес, шақыру жасындағы азаматтар мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады. Шақыру жергілікті әскери басқару органдары арқылы белгіленген тәртіппен жүргізіледі және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дайындаған әрі тәртіпті әскери қызметшілермен толықтыруға бағытталған.

Шақыру жасындағы азаматтарды шақыру іс-шараларын өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттері туралы хабардар ету маңызды мәнге ие.

Атап айтқанда, шақыру жасындағы азаматтар әскери қызметке шақыруға байланысты медициналық куәландырудан және басқа да іс-шаралардан өту үшін шақыру қағазы бойынша жергілікті әскери басқару органдарына келуге міндетті. Әскери міндетті орындаудан жалтару заңнамада көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан шақырылушылардың құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі. Әрбір азамат объективті медицина-

лық куәландырудан өтуге, шақыру комиссиясының қабылдаған шешімі туралы ақпарат алуға, сондай-ақ аталған шешімге заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы. Егер шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға негіздер болса, азамат оларды шақыру комиссиясының қарауына ұсыну үшін растайтын құжаттарды тапсыруға құқылы.

Әскери прокуратура органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскери құралымдарда заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізеді. Негізгі басым міндеттердің бірі — әскери қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ әскери ортада құқық бұзушылықтардың алдын алу. Әрбір әскери қызметші өзінің заңды құқықтары бұзылған жағдайда әскери прокуратура органдарына жүгінуге құқылы.

Отанды қорғау — тек міндет ғана емес, әрбір азамат үшін үлкен мәртебе мен абырой.

**Приозерск гарнизоны әскери прокуратурасының прокуроры
әділет лейтенанты Әйгерім
Канпасова**

ЗАЩИТА РОДИНЫ — ДОЛГ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

Защита Родины является конституционным долгом каждого гражданина.

В соответствии с законодательством Республики Казахстан граждане призывного возраста подлежат призыву на срочную военную службу. Призыв проводится в установленном порядке через местные органы военного управления и направлен на комплектование Вооружённых Сил, других войск и воинских формирований подготовленными и дисциплинированными военнослужащими.

Важное значение имеет информирование граждан призывного возраста о порядке проведения призывных мероприятий, а также об их правах и обязанностях.

Так, граждане призывного возраста обязаны являться по повестке в местные органы военного управления для прохождения медицинского освидетельствования и иных мероприятий, связанных с призывом на военную службу. Уклонение от исполнения воинской обязанности влечёт ответственность, предусмотренную законодательством.

Одновременно государством гарантируется соблюдение прав при-

зывников. Каждый гражданин имеет право на объективное медицинское освидетельствование, получение информации о принятом решении призывной комиссии, а также на обжалование указанного решения в установленном законом порядке. В случае наличия оснований для отсрочки либо освобождения от призыва гражданин вправе представить подтверждающие документы для их рассмотрения призывной комиссией.

Органы военной прокуратуры осуществляют надзор за соблюдением законности в Вооружённых Силах и других воинских формированиях. Одной из приоритетных задач является защита прав и законных интересов военнослужащих, а также предупреждение правонарушений в воинской среде. Каждый военнослужащий вправе обратиться в органы военной прокуратуры в случае нарушения его законных прав.

Защита Родины — это не только обязанность, но и высокая честь для каждого гражданина.

**Прокурор военной прокуратуры
Приозерского гарнизона
лейтенант юстиции Айгерім
Канпасова**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №15/197, Таралымы: 500 дана,
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27
маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.
Балаларға тыйым салынған.